Паратілдік амалдарға барлық тіл маңындағы амалдар, ал бірінші кезекте қимыл мен бет қимылы жатады. Паратілдік амалдар қосымша ақпарат жеткізеді; қарым-қатынаста вербалды амалдың орнын толықтырып тұрады; вербалды амалдармен сол мағынаны нақтылай түсу үшін қолданылады.

Адам баласының бір-бірімен пікір алысу, қарым-қатынас жасаудағы ең басты құралы –дыбыстық тіл. Адамдар қарым-қатынаста тек сөздер арқылы ғана емес, дененің түрлі қимыл-қозғалысы секілді амалдары арқылы да бірін-бірі түсінісе алады. Дүниеде қайталанбас тұрақты бір тіл бар. Ол – ұлтты, жынысты таңдамайтын, адамзатқа ортақ ишара, іс-әрекет, қозғалыс тілі. Бет-әлпеті, дене қалыбы, аяқ-қолдың, тіпті саусақтардың сәл қимылынан-ақ адамның ішкі ойларын оқуға болады.

Қарым-қатынас сөйлеу әрекетінің басталуынан бұрын туындайды, демек, оған дейін қарым-қатынас жасаушылар белгілі бір ара-қашықтықты сақтап, дене қалыбын ұстайды. Осы жағдайға лайық бет әлпетін өзгертіп, сәлемдесу дистантты дене қимылдарымен (қол алысу, бас изеу т.б.) алмасады. Осы аталған формалар сөйлеу әрекетіне түсу үшін қолайлы жағдай жасап, қарым-қатынас жасаушылардың қарым-қатынас орнатуға дайын екендігін анықтауға мүмкіндік жасайды. Бұндай элементтер сөйлеумен етене жақын, онан дара болуы мүмкін емес. Яғни дене қимылдары, ым, көзқарас қатынастың мағыналық жағын толықтыру функциясын атқарады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақалада жалпы ғылыми әдістер қолданылды. Мақалада талданып, талқыланған мәселелер қажетті материалдар, фактілер жинақталды. Соның нәтижесінде жинақталған мәліметтер сұрыпталып, талдама жасалды. Зерттеу жұмысында жасалған деректер негізінде теориялық тұжырымдар мен болжамдар жасалды. Мақаланы жазуда қолданылған әдістер: жинақтау, талдау, топтастыру, сипаттау, салыстыру. Ғылыми мақалада жинақтау әдісін шетелдік және отандық ғалымдардың бейвербалды амалдарға байланысты зерттеу жұмыстары мен еңбектерін жинақтау барысында қолдандық. Мақаланы жазуда жинақталған мәліметтерге аналитикалық шолу жасалып, талдау әдісі арқылы қарым-қатынастағы бейвербалды амалдарға байланысты тұжырымдар ұсынылды. Салыстыру әдісі шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне шолу жасауда кеңінен қолданылды. Әдебиеттерге шолу бөлімінде жинақтау, топтастыру және сипаттау әдістері жүйелі түрде қолданылды. Мақалада қолданылған зерттеу әдістері әдебиеттерге шолу және зерттеу нәтижелері мен талқылау бөлімін ашуда жүйелі жұмыстың нәтижесін ұсынды. Сонымен қоса қазақ тіл білімінде қазіргі таңда зерттеуді қажет ететін бейвербалды амалдардың бағыттары анықталды. Ғылыми мақала тақырыбын ашуда жалпы ғылыми әдістердің қолданылуы жүйелі түрде жүргізілді.

Әдебиетке шолу

Қазақ тіл білімінде бұл тақырыпты ғылыми тұрғыдан зерттеп қарастыру басқа тілдердегі сияқты кең етек алмаған. Дегенмен соңғы 20 жылдан астам уақыт осы тақырып төңірегінде біршама зерттеулер жарық көрді. Олар диссертациялық жұмыс ретінде

ISSN: 2616-678X. eISSN: 2663-1288

қорғалып, сонымен қоса халықаралық, республикалық конференция мен мақалалар жинағында мақала болып жарияланып келеді. Зерттеулерде нысан ретінде қазақ тіліндегі бейвербалды амалдар алынып, олар салыстырмалы және салғастырмалы түрде қарастырылады.

С.С. Татубаев, М.М. Мұқанов, К.Ш. Қажығалиева, Б.Қ. Момынова, А.Д. Сейсенова, С.Б. Бейсембаева, Ж.Қ. Өмірәлиева, А.С. Қазмағамбетова сынды ғалымдар бейвербалды амалдарды қазақ тілін басқа тілдермен салыстырмалы, салғастырмалы, сипаттамалы аспектіде зерттеген.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Қ. Момынова соңғы жылдары қазақ тіліндегі бейвербалды амалдарды кеңінен зерттеп жүрген ғалым. Ол бейвербалды амалдардың қолданысы, мағынасы т.б. мәселелер төңірегінде зерттеу жүргізуде. Сонымен қатар ғалым осы тақырыпқа қатысты «Қазақ тіліндегі ым-ишараттар: қатысым мәдениеті мен сөйлеу этикетінде» деген көлемді монография да шығарған [1].

Біздің мақалада сөз еткелі отырған тақырыбымыз қарым-қатынастағы амандасу рәсімі болып табылады. Амандасу рәсімі әртүрлі дене мүшесі арқылы жүзеге асады. Соның ішінде қолдың атқарар қызметі орасан зор. Қол беріп амандасу, қол алысу, қолын кеудесіне қою т.б. Осы қол, бет, т.б. қимылдарды кинесика ғылымы қарастырады. Кинесика ғылымының негізін қалаған ғалым Р.Л. Бердвиссл еді. Американдық ғалым кинесикалық амалдарға бет әлпеті, дене қалыбы, жүріс-тұрысты, сонымен қатар қол қимылдарын жатқызды [2, 55].

2000 жылдарың басында қазақ тіліндегі бейвербалды амалдарға қатысты сөздіктер де жарыққа шыққан. Атап айтар болсақ, Б.Қ. Момынова, С.Б. Бейсембаеваның «Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі [3], М.П. Ешимовтің «Қазақ ым-ишараттары» лингвомәдениеттану сөздігі жарыққа шыққан [4]. Жоғарыда аты аталған ғалымдардың, сонымен қатар Ресей және шетелдік ғалымдардың еңбектері мен сөздіктері аталмыш мақаланы жазу барысында қажетіне қарай пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қай халық болмасын ең бірінші амандасуға көп көңіл бөлетіні белгілі. Амандасу рәсімі арқылы адамның көңіл-күйі мен хал-жағдайын білуге болады. Амандасу – қарым-қатынастың нығаюы мен оның әрі қарай жалғасуына көмектесетін бірден-бір тиімді құрал. Сондықтан да халық арасында сәлемдесуге байланысты. «Сөз атасы – сәлем» деген нақыл сөз кең тараған.

Сәлемдесу адамдардың этика-эстетикадан хабары бар екендігін, яғни оның мәдениеттілігін білдіреді.

«Сәлемдесу – церемония, церемонияның барлық шарттары орындалғанда барып, мазмұнды әңгімеге жол ашылады», – деп атап көрсетеді қазақ тіліндегі сөз этикетін зерттеуші А. Қобыланова [5, 136].

Амандық-саулық сұрасып болғаннан кейін әңгімелесушілер арасында маңызды әңгіме, қызықты сұхбат өрбуі мүмкін. Амандасудың маңызы өте зор. Сондықтан да сәлемдесуге жер бетіндегі халықтардың бәрі ерекше мән береді. Жер-жерде амандасудың әр түрі қолданылады. Және де бір ұлттағы амандасу түрі екінші бір ұлтта басқаша мағынада қолданылуы немесе тіпті ешбір мағына білдірмеуі мүмкін. Дегенмен де амандасуға байланысты тараған ым-ишаралардың көпшілігі барлық халықтардың таным-түсінігінде

кездесетіндігі және оның тек қана сәлемдесу рәсімінде ұшырасатындығы ешкімде де күмән тудырмас.

Қазақ тіліндегі сәлемдесудің кең әрі көп тараған түрі қол алысып амандасу. Қол алып амандасу – көне заманнан келе жатқан салт. Әуелде мұндай белгі қолымда қаруым жоқ деген мағынаны аңғартқан. Әдетте амандасушылар оң қолын ұсынады. Мұның да өзіндік себебі бар: оң қол – қару ұстайтын қол, жұмысқа бейім қол, қолғап шешіп амандасу да «қолымда қаруым жоқ» дегенді білдіреді. Ер адамдар қалпағын көтеріп амандасып, үйге кіргенде бас киімін қолына алып кіреді (орыс халқында). Мұндай белгінің түп-төркіні әуелде басындағы дулығасын қолына шешіп алу – бір-біріне сенім артқандыққа барып тіреледі. Қазіргі кезде мұндай этикеттік ұғым тек сыпайылықты білдіретін белгісі боп сақталған.

Қол алысу қимылдары этикетпен ұштасып жатады, сондықтан бұл кинема лексикалық элементке қосымша мағына беріп отырады. Херемалар қарым-қатынастық актінің негізгі элементі болуы себепті сәлемдесу рәсімінде жиі қолданылады.

Қол алысып көрісу қазақ халқының ежелгі дәстүрінде бар. Бұрынғы кезде қазақ халқы амандасу барысында қос қолдап көрісетін болған (жас мөлшеріне байланысты). Жылдар өте бара қол алысып амандасу рәсімі өзгерістерге ұшыраған. Бұл өзгерістің нәтижесі (немесе бір қолын созып амандасу) бір қолдап амандасу. Амандасудағы бұл кинема қазақ тілімен қоса орыс, ағылшын және өзбек тілдерінде де бар. Мысалы, Гасфорт (қарсы алып, қолын ұсынып). Сәлем, Шыңғыс Уәлиевич: (орын нұсқап). Отыруыңызды өтінем [6, 58]. Сәлемдесудің келесі бір түрі қазақ, орыс, өзбек, ағылшын тілдеріндегі тілдесімде вербалды тәсіл арқылы да, бейвербалды тілмен де қатар жүріп отырады. Ол сәлемдесу барысында бас изеу қимылы болып табылады. Мысалы, Үйге «ассалаумағалейком» деп басын иіп, тобылғы қамшысын кеудесіне ұстап, қоңыр жүзін жел сорған қаба сақалды, түйе жүн шекпенді белінде күміс кіселі жалпақ белбеуі бар, кең қоныш етікті орта бойлы адам енді [7, 140].

Қимыл-қозғалыс әлеуметтік контекске тәуелді болады: Мәселен, достар және бір-бірімен жастары шамалас адамдар, қандай да бір топтың адамдары бір-бірімен кездесіп қалған жағдайда сүйісіп көріседі, ал жасы үлкен немесе жақын таныс емес адамдармен ара-қашықтық сақтап қол алысады.

Сүйісіп амандасу туысқан, бір-біріне өте жақын, сонымен бірге дос-жарандардың арасында кең тараған кинема болып табылады. Дос-жарандар арасында сүйісіп көрісу кинемасы олардың бір-бірін көргеніне қуанышты екендігі жөніндегі сезімді білдіреді. Сүюдің ұзақтығы, ашықтығы және таңдалған орын қарым-қатынасқа түсушілердің жақындық дәрежесін көрсетуге мүмкіндік береді [8, 160].

Сүйісіп амандасу туысқан адамдардың қарым-қатынасында кең тараған кинема болып табылады. Мысалы, Мені бетімнен сүйіп қарсы алған апамның өңі қашыңқы, жүдеу [9, 65]. Ал бөгде адамдармен сүйісу – ол оның, яғни досын көргендігіне қуанышты екендігі туралы сезімді жеткізеді.

Неміс қарым-қатынасында беттен сүю кинемасы қарт адамдардың жастармен және керісінше, жастардың қарт адамдармен амандасуы кезінде өтеді. Ерлер мен әйелдер арасында сүйісу (беттен сүю) қимылы амандасуды, ал егер де еріннен сүйетін болса, онда ол интимдік мағына береді. Көпшіліктің арасында еріннен сүю кинемасы дөрекіліктің белгісі саналады. Германияда еріннен сүю ерлі-зайыптылардың арасында болатын қимыл. Ал көпшіліктің көзінше еріннен сүю интимдік қатынасты толығымен білдіре

қоймайды. Соңғы жылдары Германияда сүйісіп көрісу, сүйісу кең тараған кинемалардың бірі болып табылады. Орыс халқының тұрмысында еріннен сүю кинемасы көбінесе ерлері мен әйелдерінің және қалыңдық пен күйеу баланың арасында болады. Сүйісіп көрісу кинемасы қазіргі кезде жастардың күнделікті тұрмысында да қолданылатын амандасудың бір түрі болып табылады.

Сүйісіп амандасу – орыс тілінде ертедегі ескі славян дәстүрі бойынша келе жатқан салт. Орыс халқының дәстүрінде көпке дейін көрмеген адамын кездестіргенде немесе қоштасарда және де достары мен туған-туыстарын құттықтауда үш рет сүйіседі. Сүю барысында басын оңға-солға үш рет бұрады. Қазіргі кезде күнделікті өмірде орыс халқы бұл қимылды қолданбайды.

Сүйісу Жапонияда интимдік мағынаны білдіреді, ал Оңтүстік Американың бір тайпасында сүйісу тек қана ерлердің амандасуы ретінде қолданылады. Осы тайпаның әйелдері ешқашан сүйіспейді [10, 60-61].

Амандасу рәсімінің келесі бір түрі – қол бұлғау. Қол бұлғау қимылы қазіргі жастар арасында күнделікті тұрмыста жиі кездеседі. Жастар бірін-бірі алшақтау жерден көрсе, онда олар бір-бірімен қол бұлғау арқылы амандасады. Сәлемдесудің бұл түрі мынадай қимылмен жасалады: қолын бүгілген күйде тік қалыпта ұстап, алақандарын адресатқа бағыттап, оңды-солды бұлғайды (мұнда қол бас деңгейіне дейін немесе одан жоғары көтерілуі де мүмкін). Мысалы, Қызбен бірге мені көрді. Бірден таныды ғой деймін, маған қолын бұлғап амандасты да, жанымда тұрған қызға:

– Өзің бара бер, Алтынай, – деді дауыстап, – көрмейсің бе, маған қонақ келіп тұрғанын?! [11, 106].

Сәлемдесу – амандасудың түрлерін талғап, таңдай білу нақты жағдай мен қалыпты қарым-қатынасқа тәуелді болады: бастық-бағынышты, жасы үлкен – жасы кіші, ер адам - әйел адам. Қарым-қатынаста әйел адам ер адамның арасында жүретін, сонымен бірге сыпайыгершілікті білдіретін қимыл қол сүю болып табылады. Гасфорт. Мұнда келіп кетсін деңіз оған. (Алмазов кетеді). Уәлихановтың Катюшаға дәмесі күшейген сияқты. Бірақ мұсылман ғой ол, реті келер ме екен… (Жабыраңқы кескінмен Елизавета Николаевна кіреді. Гасфорт оны қарсы алып қолын сүйіп). Бонжур, м-мами! Өңің неге сынық! [12, 57].

Ым тілін зерттеуші ғалым К.У. Геворкян қол сүйіп амандасу мен іземеттілікті білдіретін қол сүю кинемасы ананың кеудесін сүю қимылына байланысты пайда болған, яғни бұл қол сүю кинемасының өзгеріске ұшыраған түрі деген пікір айтады. Тілшінің айтуы бойынша, алғашқысында кеуде сүю кинемасы ананың махаббатына деген іземеттілік пен кішіпейілділігін білдірген. Бұл қимыл бірте-бірте қол сүю кинемасы болып өзгерген. Екеуінің мағынасы да бір, – деген тұжырым жасайды [13, 33].

Орыс халқында ерлер әйелдердің қолынан сүйіп және де қол алысып амандасады. Сонымен қатар бұл қимыл түрі ағылшындарда да кездесіп отырады. Қазақтарда бұндай қимылдың қолданысы кемде-кем. Ерлері мен әйелдері қазақтарда қол алысып, қол сүйіп амандаспаған, бірақ бұл қимыл соңғы уақыттарда қазақтарда жоғары қоғам (элита) адамдарының арасында жиі ұшырасады, тіпті қалыптасқан. Сонымен бірге қол алып амандасу қимылы Қазақстанның оңтүстік облыстарының кейбір жерлерінде қарым-қатынаста кездестіруге болады.

Қытай халқының қарым-қатынасында ерлер мен әйел адамдар сүйісіп амандаспайды. Олар амандық-саулықты бас изеу арқылы жүзеге асырады.

Амандасу рәсімінің бір түрі – құшақтасып көрісу. Аталмыш ым-ишара адамдардың сағынысып көріскен кезінде жиі қолданылып отырады. Мысалы, Олар Мір Мұхаммед ханмен араз еді. Шайх-Нұридин әмір Уайс сұлтанды құшағын жайып қарсы алды [7, 131]. Құшақтасып көрісу кинемасы орыс тілінде ерлері мен әйелдерінің арасында жүре береді. Ал ағылшын халқының қарым-қатынасында бұндай қимыл ерлері мен әйелдерінің жыныстық қатынасында қолданылмаса, күнделікті тіршілікте қолданысқа түспейді [14, 220]. Сағынысып қауышудың алуан түрі болады. Солардың бірі арқадан қағу қимылы. Қауышып көрісуді білдіретін арқадан қағу бейвербалды амалы қолымен арқадан жеңіл түрде қағу, соғу түрінде жасалады. Негізінен бұл ым-ишара жастары шамалас, яғни құрдас, жас адамдардың арасында жүреді. Мысалы, Барбар (қарауытқан адамдарға қарап). Бұлар кім таныс дауыс қой өзі. Жаным-ау, Теміршот қой! (Ұшып тұрады. Барбар Теміршотты құшақтай алады). Теміршотымбысың, қалқам. Теміршот. Сағынып қапсың ғой, Барбар аға (Арқасынан қағып) [12, 432].

Қолын жоғары көтеру де көбінесе жастардың қарым-қатынасында жиі ұшырасатын бейвербалды амал. Бұл қимыл оң немесе сол қолды жоғары қарай көтеру арқылы жасалады. Бұның мағынасы да сәлемдесуді білдіреді. Қолын жоғары көтеру кинемасы адамдар бірін-бірі алшақтау жерден көрген кезде қолданылады. Мысалы, – *Сәлем! – деді ол ақ қолғапты қолын жоғары көтеріп, екі көшенің қиылысында машиналарға жол сілтеп тұрған ақ қолғапты милиционердей қалшиып* [15, 141].

Қарым-қатынас барасында өмірде тек қана әйел мен ер адамдардың, үлкендердің, ер мен ердің арасындағы сәлемдесу түрі ғана кездесіп қоймай, сонымен қатар балалардың амандасу рәсімі де кездеседі. Көбінесе жасы кіші немесе бастауыш сынып оқушылары амандасу, қоштасу жағдайларында және жеке бейресми әңгіме үстінде ым-ишараларды жиі қолданылады. Балалар амандасу сәтінде қолын сәл жоғары көтеріп, бұлғайды. Және де балалар қол алысу амалын жиі қолданып отырады. Бұл балалардың бейвербалды амандасуы ер балаларға тән.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, қарым-қатынастағы бейвербалды амалдардың универсалды түрімен бірге ұлттық түрі де болады. Әрбір ұлт пен елдің салт-дәстүріне байланысты ұлттық бояуы сіңген, сол халыққа ғана тән, өздері ғана түсінетін ым-ишаралар да кездесіп тұрады. Ұлттық мағынада қолданыс тауып отыратын бейвербалды амалдар қай халықтың болмасын ата-бабаларынан кейінгі ұрпағына мұра ретінде қалдырылып, жалғасын тауып келе жатқан игі дәстүр іспеттес. Амандасу қай халықтың болмасын мәдениетінің алғы беташары сияқты. Әр халықтың амандасу рәсімі, салттары алуан түрлі болып келеді. Мысалы, славян халықтары бір-біріне қол беріп амандасса, жапон, қытай, үнді халықтары екі алақанын бір-біріне біріктіріп, содан соң маңдайына тигізіп тағзым ету арқылы амандасу рәсімін жасаған. Ал Орта және Кіші Азия мен Африкадағы мұсылман халықтары ертеде оң қолын жүрек тұсына апарып тағзым ету арқылы амандық рәсімін жасаған. Кореяда амандасу рәсімінде жасы кіші адам жасы, жолы үлкен адамға бірінші болып қол ұсынбайды. Корейлер үлкен, сыйлы адамдармен амандық-саулық рәсімін жасағанда оң қолын беріп, сол қолын оң қолының шынтағына апарып ұстап тұрады. Бұл қимыл әдеп ұғымымен ұштасып жатқандығын көрсетеді.

Абхаз халқының ер адамдары бірін-бірі көп уақыт көрмей кездесіп қалған жағдайда қол алысып, сосын сүйісіп амандасады. Бұл қимыл тек қана абхаз халқының ер адамдарының қарым-қатынасында жүреді. Ал ауылдық жерде тұратын әйелдер (орта жастағы немесе кәрі әйелдер) ерлерді кездестірген кезде олардың оң иығынан сүйеді, ал ер адам әйелді жеңіл түрде құшақтайды. Егер де кездесіп қалған ер адамы өте танымал болса, онда

әйел адам оның кеудесінен сүйетін болған. Абхаз халқының орта жастағы немесе қарт адамдары немерелерінің т.б. кіші балаларының басынан сүйіп, шашын сипайды. Бұл қимыл адамды сапарға шығарып салумен қатар, қарсы алуда да қолданады.

Жаңа Зеландияда маорлар мұрнын уқалап амандасады, ал Египет пен Йеменде сәлемдескенін білдіру үшін қолын маңдайына апарады, содан кейін қолының алақанын танысына қарай бұрады. Тибетте оң қолымен бас киімін шешіп, сол қолын құлақ артына қойып, тілін шығарып амандық-саулық білдіреді. Айну халықтарының өкілдері көшеде кездесіп сәлемдесуде бір-бірінің құлақтарынан ұстап, сәлемдесу дыбысын (вербалды түрін) қатты дауыстап шығарады.

Бауырлас түрік ағайындардың қарым-қатынасында өз ұлтына тән амандасу рәсімі бар. Олар үйіне жасы үлкен қария адам қонаққа келсе немесе алыс сапардан жасы үлкен адам келсе, үйдегі балалар үлкен кісінің қолын маңдайына тигізіп, содан соң қолын сүйеді. Бұл үлкенге құрмет, ізет көрсеткендігінің белгісі. Бұл ишарат амандасу амалын білдіреді. Аталмыш бейвербалды амал түрік халқының ұлттық ым-ишарасы саналады.

Сәлемдесу рәсімінде Еуропа халықтарының этикетіне тән дене қимылы – бас киімді шешіп амандасу дәстүрі бар. Мұсылман халықтарына, соның ішінде қазақ халқына бұндай кинема жат. Бұл дене қимылының орыс халқының этикетіндегі «Көшеде кездескен кезде қолданылатын амандасу немесе қоштасудың сыпайы түрі. Бұл дене қимылы ер адамдарға тән, көбіне зиялы қауым мен үлкен кісілер арасында қолданылады», – деп орыс ғалымдары А.А. Акишина мен Х. Кано өз пікірлерін осылайша қорытындылайды [16, 93]. Бас киімді шешіп амандасу ертедегі орыстар мен ағылшындардың қолданысында болғанымен, қазіргі кезде бұл қимыл түрі қолданыстан шыққан. Бас киімді шешіп амандасу орыс және ағылшын халықтарында XVIII ғасыр мен XX ғасырдың бас кезеңінде қолданыста болған. Заманның өзгеріп, өркендеуіне байланысты сәлемдесудің бұл түрі қолданыстан шыға бастаған.

Сөйлеу әрекетіндегі амандасу рәсімінде жоғарыда сөз болған қол соматизмімен қатар, дене мүшелерінен бас қимылдары да белгілі бір мағынаға ие. Мысалы, бастың қимылдары бас иді, бас иіп амандасты деген қимыл-әрекеттер этикет ұғымымен ұштасып жатады [17].

Бас иіп тәжім ету көптеген халықтардың мәдениетінде құрмет пен ізет білдіру ниетімен байланысты да болып келеді және де бұл дене қимылы шығыс елдерінде көп тараған. Орыс халқының тіліне бұл Азия халықтарынан енген [18, 79].

Қарым-қатынастағы қимылдар көрінісі өз тұрғысынан ұлттық ерекшеліктермен қатар бейвербалды амалдардың универсалды қасиеттерін білдіретіндері де жиі кездеседі. Кейбір қимылдардың қарым-қатынас кезінде жасалуы жағынан бірдей болғанымен, мағыналық тұрғысынан айырмашылығы да болады. Бейвербалды амалдардың универсалды, ұлттық, мағыналық тұстары, ерекшеліктері мен ұқсастықтары қазіргі тіл білімінде тиісті дәрежеде зерттеліп, жан-жақты қарастырылды деп айта алмаймыз.

Қазақ халқындағы сәлемдесу рәсімдерінің күрделілігі сол – жасқа, жынысқа, отбасылық қарым-қатынасқа байланысты әртүрлі қатыстық ретпен амандасып, ізеттілік қимыл жасайтындары бір жағынан халқымыздың сыпайыгершілігін, екінші жағынан тәрбиелілігін көрсететіні белгілі. Зерттеуші, ғалым Қ.Ш. Қажығалиева бейвербалды амандасудың қол қусырып сәлемдесу, бас иіп сәлем беру, түрегеліп иіліп сәлем беру, тізе бүгу, құшақтасу сынды қимылдардың мағынасын ашып, олардың ерекшеліктерін көрсетеді. Зерттеуші қоштасу барысында қолданылатын қимылдарды да саралай өтеді. Сонымен бірге бет сипау, бата беру кинемаларына да тоқталып, олардың ұлттық ерекшелігін атап көрсетеді [19, 167].

Тізе бүгіп сәлем салу (оң тізесін бүгіңкіреп, қолын тізесінің үстіне қойып, сәл еңкею) осы айтылған пікірдің дәлелі болып табылады. Қазіргі кезде мұндай сәлем беру әр жерде әртүрлі кездеседі. Екі қолын оң тізесіне қойып, аяғын сәл бүгу немесе тек қана оң қолын оң тізесінің үстіне қойып, тізе бүгіп сәлем беру диалектілік қимыл болып табылады. Бұл ишарат қазақ халқының ежелден келе жатқан салт-дәстүрі. Бұны – қазақ отбасының келіндері аталарына, әжелері мен енелеріне, қайын ағаларына, өзі келін боп түскен әулеттің жасы үлкен жақындарына беретін сәлемі.

Сәлем әйел адамға қатысты болса, оны «сәлем етті» дейді. Амандасудың бұл түрі туыстық қарым-қатынасқа негізделеді. Осыдан сәлем ету қазақ қоғамындағы жіктердің бәріне ортақ емес деген пікір келіп туады. Бірінші қарым-қатынас жасаушы сәлемдесудің бейвербалды түрін қолданады, ал екінші қарым-қатынас жасаушы міндетті түрде «рахмет», «көп жаса», «бақытты бол», «өркенің өссін» тәрізді сөздерді пайдалана вербалды тілде жауап қайтарады, яғни сәлемдесудің вербалды түрін қолданады.

Келіндердің сәлем етуіндегі тізесін бүгуі – кішілігім, ал қолын айқастырып сол тізесінің үстіне қоюы – адалдықтан басқа, өмірге еш арамдығым жоқ дегенді білдіреді. Келіннің сәлем беру салты қазақ халқының әдет-ғұрыптарының бірі – беташар дәстүрінен бастау алады. Сәлемдесу рәсіміндегі осындай бейвербалды амалдар қазақ халқының салт-дәстүрлері мен тілінің өзара байланысының айғағы болады. Мысалы, Отаудан сұңғақ денелі, сүйкімді ғана өткір көзділеу жас әйел шығып, киіз есікті ашып ұстаған бойы үнсіз иба қылды [20, 12].

Тарихи шығармаларда амандасу рәсімінің ұлттық еркшеліктерін көптеп кездестіруге болады. Солардың бірі ер адамдардың тізе бүгіп сәлем беруі, яғни бір тізерлеп отырып, басын иіп амандасуы. Мысалы, Наурызбай Байтабынды көрді де кенет тоқтай қалды. Байтабын Кенесарыға жақын келіп қалған еді, тізе бүгіп сәлем берді [7, 650].

Салт-дәстүрдің жалғастығын білдіретін келесі бір қимыл түрі – (бір тізесін бүгіп, (тізерлеп отыру) тізесін жерге тигізу) тізерлеп отыра сәлемдесу. Бұндай қимылды ертедегі батырлар немесе жедел хабар алып келген адам есіктен кіре бере тізесін бүгіп амандық-саулық білдіретін болған. Мысалы, – *Хан ием, – деді ол есіктен аттай бере тізесін бүгіп, оңаша айтар жедел хабарым бар* [7, 272]. Қос қолын кеудесіне қою амалы да қазақ халқындағы сәлемдесудің ұлттық түрін білдіреді. Бұл амал түрі қос қолдың алақанын бірінің үстіне бірін қойып, кеудеге апару қимылы арқылы жүзеге асады. Мысалы, Жыр шумағы бірінен соң бірі келіп, қиялында дастан да туа бастап еді, – Арсыз ба, Бұқар еке! – деді Науан ұста қос қолын кеудесіне қойып [7, 299].

Қазақта сәлем беру кішіден басталады да әрі қарай екі жақтың қатысуымен сәлемдесу рәсімі жалғасып жатады. Бұрынғы сәлемдесу реттері ауызша да, қимыл ізетімен де қоса атқарылатын болған. Қазақтағы сәлем беру борыштығы жасы кішілердің мойнында. Олар алдымен өзінен үлкенге сәлем берулері абзал.

Жас адам жолы үлкен, жасы үлкен адамға алдымен ұмтылып, қос қолын ұсынады, ал сәлем алушы қария оң қолын ұсынады. Осы бейвербалды амалдармен бірге «Ассалаумағалейкүм» және «Уағалейкүмассалам» деген вербалды түрі де қолданылады. Егер үй толы адам болса, сырттан енген адам үйде отырғандардың ең үлкенінен бастап кішісіне дейін алма-кезек қол беріп амандасып шығады. Мысалы, Үйдегілерге сәлем беріп, жағалай қолдарын алдым да, пештің қабырғасына арқамды сүйей босағаға отыра кеттім [9, 452].

Көріспегелі көп жыл болған тұрғылас, замандас, құрдас, ағайын-туыс адамдар қауышып амандасады. Қауышып амандасу (кеуде түйістіріп, төс қағыстырып) үшін

әуелі қос қолдап амандасып, сонан соң құшақтарын қайта жайып барып, бір-бірімен төс қағысып, оңға бір, солға бір кеуде тоғыстырып, содан соң қолдарын алақан айырмастан тағы соғысып, қос қолдап амандасады. Төс түйістіріп, қолдасып жату – сағындық қой дегенді, қолдасу – бар ықыласыммен сәлемімді қабыл алыңыз дегенді аңғартады. Мысалы, Хан енді қазақ әдетімен алдымен құшағын айқастыра, кеудесіне кеудесін тигізіп, әуелі Асан Қайғымен сәлемдесті, содан соң барып Қотан жыраумен, Қазтуғанмен амандасты [7, 163].

Күнделікті қарым-қатынас кезінде ұлттық, универсалды, жастар мен балалар және де үлкендер арасында жүріп отыратын ым-ишаралармен бірге белгілі бір кәсіп саласында қолданыс тауып отыратын қимылдар да кездесіп жатады. Солардың бірі және бірегейі әскери борышын атқарып жүрген адамдардың арасындағы амандасу рәсімі. Әскери адамдардың коммуникациясында жүретін сәлемдесу түрі ерекше болып келеді. Қолды бас киімге апарып көрсету қимылы қолдың саусағын біріктіріп ұстап, шекеге қарай бағыттау түрінде жасалады. Мысалы, Келгендер не қолымды алмақ болып, не бетімнен сүюге ыңғайланып, төрде отырған маған қарай ұмтылады. Мен орнымнан атып тұрамын да, оң қолымды сарт еткізіп шекеме көтеріп:

– Здравия желаю, старший сержант Майшанов, – деп қатты айқайлап, қаққан қазықтай боп, бажырая қаламын [15, 270].

Екі қолын жамбасына жапсыра ұстау қимылы денесін тік қалыпта және екі қолын жамбасына жапсыра ұстау арқылы жүзеге асады. Мысалы, Сасқанымнан командирдің алдына келген солдаттай болып, екі қолымды жамбасыма жапсыра ұстап, тік тұра қалдым да:

– Сәлеметсіздер ме, жолдастар? – дедім [15, 246].

Қорытынды

Қорыта келе, қарым-қатынастағы амандасу рәсімінде жүріп отыратын бейвербалды амалдардың ұлттық түрінің кездесетіндігі белгілі бір халықтың өзіне ғана тән екендігін, ал универсалды түрінің кездесуі ым-ишараның жер бетінде өмір сүріп жатқан халықтардың көпшілігіне ортақтығын білдіреді деген тұжырымға келуге болады. Сонымен қатар сәлемдесу арқылы таныс және бейтаныс адамдармен арадағы қарым-қатынасты нығайта аламыз.

Кейбір ұлттар арасында мәдени айырмашылықтармен бірге, мәдени ұқсастықтар да болады. Осыған байланысты бірнеше мәдениетке ортақ, қарым-қатынастық қызметке бірдей семантикалық мағына беретін кинемалар өмір сүреді. Кинемалық бірліктердің ұлттық ерекше түрелері және универсалды ортақ жақтары болады. Бұл кинемалардың универсалды ортақтығы барлық халықтарға емес, аймақтық жақын елдерде ортақ мәнге ие.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі. М.П. Ешимов материалдарды жинақтау, мақала мазмұны мен негізгі бөлімін жазды, зерттеу материалдарына талдау жүргізді және мақаланы сыни тұрғыдан қайта қарап, түзетулер мен қосымшалар енгізді. С.Р. Нұртілеуова мақаланың талқылау жұмыстарына үлес қосып отырды. Г.Ә. Мұсаева мақаланың

негізгі тұжырымдамасын айқындап, мақаланы рәсімдеумен айналысты. Жұмыстың барлық аспектілері бойынша авторлар тең дәрежеде жауапты болып табылады, зерттеу жұмысының тұтастығы мен деректердің дұрыстығы өзара талқыланып, пікір алмаса отырып жүзеге асырылды.

Әдебиеттер тізімі

1. Момынова Б.Қ. Қазақ тіліндегі ым-ишараттар: қатысым мәдениеті мен сөйлеу этикетінде. – Алматы, 2016. – 300 б.
2. Birdwhistell R.L. Introduction to kinesics // University of Louisville Press, Louisville. – Kentucky, 1952. – P. 55-67.).
3. Момынова Б.Қ., Бейсембаева С.Б. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2003. – 136 б.
4. Ешимов М.П. Қазақ ым-ишараттары. – Алматы: Қазақ унвиерситеті, 2007. – 104 б.
5. Қобыланова А. Қазақ сөз этикеті: Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 1993. – 151 б.
6. Мұқанов С. Шығармалар жинағы, 5 том. – Алматы, 1974. – 244 б.
7. Есенберлин І. Көшпенділер. – Алматы, 2002. – 758 б.
8. Hall J., Knapp M. Nonverbal communication. Boston, 2013. – 241 p.
9. Мұқанов С. Өмір мектебі. – Алматы, 1970. – 487 б.
10. Николаева Т.М. Невербальные средства человеческой коммуникации и их место в преподавании языка // Роль и место страноведения в практике преподавания русского языка как иностранного / Под ред. Е.М. Верещагина, В.Г. Костомарова. – М., 1969. – С. 47-73.
11. Есенберлин І. Ғашықтар. – Алматы, 1992. – 190 б.
12. Әуезов М. Шығармалар жинағы, 10 том. – Алматы, 1982. – 432 б.
13. Геворкян К.У. Кинесический язык (Введение в кинесику): Автореф. дис. д-ра. филол. наук. – Ереван, 1991. – 33 с.
14. Смирнова Н.И. Сопоставительное описание элементов русской и английской кинесической коммуникации // Национально-культурная специфика речевого поведения. – М., 1977. – С. 220-351.
15. Нұршайықов Ә. Махаббат қызық мол жылдар. – Алматы, 2005. – 592 б.
16. Акишина А.А., Кано Х. Жесты и мимика в русской речевой коммуникации. – М., 1991. – 144 с.
17. Akizhanova D. Intercultural Communication: Business negotiations in Kazakhstan // Proceedings of the 2013 International Conference on Advanced Computer Science and Electronics Information (ICACSEI 2013). – 2013. – Pp. 514-517. DOI: https://doi.org/10.2991/icacsei.2013.125
18. Мамаева Г.Б. Ерлер мен әйелдердің сөз қолданыстары: Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2003. – 154 б.
19. Кажгалиева К.Ш. Национально-культурная специфика фатической речевой коммуникации в казахском языке: Дис. канд. филол. наук. – Алматы, 1991. – 198 с.
20. Мүсірепов Ғ. Кездеспей кеткен бір бейне. – Алматы, 1982. – 155 б.
21. Имангазина, М. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы бейвербалды амалдардың тақырыптық топтары // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – №147(2). – Б. 97–107. DOI: https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-97-107

М.П. Ешимов*, С.Р. Нуртилеуова, Г.А. Мусаева
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Невербальные компоненты коммуникации: виды приветствия

Аннотация. В статье раскрывается ряд и значение невербальных приемов, используемых в общении, в контексте, коммуникации. Хотя определенные приемы в коммуникации не похожи в плане значения, в быту они используются в некотором смысле с точки зрения семантики.

При этом определяется ряд и значение невербальных приемов, используемых в общении, в контексте, в коммуникации. Невербальные трюки в общении совершаются через различные части тела, придавая определенный смысл. Например, кивок, рукопожатие, сжатие руки, стук, поднятие руки, поцелуи, махание рукой и т.д. - такие невербальные приемы означают приветствие. В общении подобные жесты часто используются в повседневной жизни.

Конечно, человек не может общаться, не используя жесты, когда он вступает в отношения, потому что невербальные приемы - это система знаков, уточняющая значения жестов, придающих дополнительный смысл и способствующих более точному и четкому выражению мысли. Авторы утверждают, что, хотя жесты в ритуале приветствия в общении не похожи в плане использования, с точки зрения семантики смыслы передаются через различные невербальные приемы. В том числе рукопожатие, кивок и т. п. жесты, передаваемые частями тела, имеют одинаковое значение у многих народов, то есть встречаются национальные жесты и в ритуале приветствия. Невербальные приемы, используемые в ритуале приветствия в общении, анализировались на конкретных примерах из художественных произведений.

Ключевые слова: паралингвистика, невербальные приемы, кинема, жесты, язык жестов, общение, коммуникация.

M.P. Yeshimov*, S.R. Nurtileuova, G.A. Mussayeva
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Nonverbal components in communication: types of greeting

Abstract. The article reveals the number and meaning of nonverbal techniques used in communication. Although certain techniques in communication are not similar in terms of meaning, in everyday life they are used in some sense from the point of semantics view. At the same time, a number and meaning of nonverbal techniques used in communication are determined. Nonverbal communication tricks are performed through various parts of the body, giving different meanings. For example, a nod, a handshake, a knock, a hand raising, kissing, waving, etc. - such nonverbal techniques mean a greeting. In communication, such gestures are often used in everyday life. Of course, a person cannot communicate without using gestures when he enters into a relationship, because nonverbal techniques is a system of signs that clarify the meanings of gestures that give additional meaning and contribute to a more accurate and clear expression of thought. The authors argue that, although gestures in the greeting ritual in communication are not similar in terms of use, from the point of semantics view, meanings are transmitted through various non-verbal techniques. Including a handshake, a nod, etc.,

gestures transmitted by body parts have the same meaning among many people; that is, there are national gestures in the greeting ritual. Nonverbal techniques used in the greeting ritual in communication were analyzed on specific examples from works of art.

Keywords: paralinguistics, nonverbal techniques, kinema, gestures, sign language, communication.

References

1. Momynova B.K. Kazak tilindegi ym-isharattar: katysym madenieti men sojleu etiketinde [Gestures in the Kazakh language: in the culture of participation and speech etiquette] (Almaty, 2016, 300 p.) [in Kazakh]

2. Birdwhistell R.L. Introduction to kinesics. University of Louisville Press, Louisville, 1952, 55-67 (1952)

3. Momynova B.K., Bejsembaeva S.B. Kazak tilindegi ym men isharattyn kazaksha-oryssha tusindirme sozdigi [Kazakh-Russian Explanatory Dictionary of signs and gestures in the Kazakh language]. (Almaty, 2003, 136 p.) [in Kazakh]

4. Eshimov M.P. Kazak ym-isharattary [Kazakh gesture and facial expressions]. (Kazak unviersiteti, Almaty, 2007, 104 p.) [in Kazakh]

5. Kobylanova A. Kazak soz jetiketi [Kazakh etiquette of the word]: Thesis for the degree of Candidate of Philology (Almaty, 1993, 151 p.) [in Kazakh]

6. Mukanov S. Shygarmalar zhinagy [Collection of the work], Volume 5 (Almaty, 1974, 244 p.) [in Kazakh]

7. Yessenberlin I. Koshpendiler [Nomads]. (Almaty, 2002, 758 p.) [in Kazakh]

8. Hall J., Knapp M. Nonverbal communication (Boston, 2013, 241 p.)

9. Mukanov S. Omir mektebi [School of Life] (Almaty, 1970, 487 p.) [in Kazakh]

10. Nikolaeva T.M. Neverbal'nye sredstva chelovecheskoj kommunikacii i ih mesto v prepodavanii jazyka [Nonverbal means of human communication and their place in language teaching]. In: Vereshhagin E.M., Kostomarov V.G., editors. Rol' i mesto stranovedenija v praktike prepodavanija russkogo jazyka kak inostrannogo [The role and place of country studies in the practice of teaching Russian as a foreign language] (Moscow, 1969, pp. 47-73). [in Russian]

11. Yessenberlin I. Gashyktar [Lovers]. (Almaty, 1992, 190 p.) [in Kazakh]

12. Auezov M. Shygarmalar zhinagy, 10 tom [Collection of works. Volume 10]. (Almaty, 1982, 432 p.) [in Kazakh]

13. Gevorkjan K.U. Kinesic Language (Introduction to Kinesics). (Erevan, 1991, 33 p.) [in Russian]

14. Smirnova N.I. Sopostavitel'noe opisanie jelementov russkoj i anglijskoj kinesicheskoj kommunikacii [Comparative description of elements of Russian and English kinesic communication]. In: Leontjev A.A.,, Sorokin Yu.A., Tarassov Ye.F., editors. Nacional'no-kul'turnaja specifika rechevogo povedenija [National Cultural Specifics of Speech Behaviour] (Moscow, 1977, pp. 220-351). [in Russian]

15. Nurshajykov A. Mahabbat kyzyk mol zhyldar [Years of joy and love], (Almaty, 2005, 592 p.) [in Kazakh]

16. Akishina A.A., Kano H. Zhesty i mimika v russkoj rechevoj kommunikacii [Gestures and facial expressions in Russian speech communication]. (Moscow, 1991, 144 p.) [in Russian]

17. Akizhanova D. Intercultural Communication: Business negotiations in Kazakhstan. In: Proceedings of the 2013 International Conference on Advanced Computer Science and Electronics Information (ICACSEI 2013), 514-517 (2013). DOI: https://doi.org/10.2991/icacsei.2013.125

18. Mamayeva G.B. Erler men ajelderdin soz koldanystary [The use of words by men and women]: Thesis for Candidate of Philology (Almaty, 2003, 154 p.) [in Kazakh]

19. Kazhgalieva K.Sh. Nacional'no-kul'turnaya specifika faticheskoj rechevoj kommunikacii v kazahskom yazyke [National and cultural specifics of phatic speech communication in the Kazakh language]: Thesis for Candidate of Philology (Almaty, 1991, 198 p.) [in Russian]

20. Mussirepov G. Kezdespei ketken bir beine [The image I have not ever met] (Almaty, 1982, 155 p.) [in Kazakh]

21. Imangazina M. Thematic groups of non-verbal means in the epic novel «The Path of Abai». Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series, 147(2), 97–107 (2024). DOI: https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-97-107 [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет:

Ешимов М.П. – хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: mukhtar.yeshimov@gmail.com, ORCID: 0000-0002-0547-4593.

Нұртілеуова С.Р. – магистр, аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Алматы, Қазақстан. E-mail: sandu210380@mail.ru, ORCID: 0000-0002-0468-6105.

Мұсаева Г.Ә. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: gulbagizamusaeva@gmail.com, ORCID: 0000-0003-1776-128X.

Ешимов М.П. – автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, старший преподаватель, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: mukhtar.yeshimov@gmail.com, ORCID: 0000-0002-0547-4593.

Нуртилеуова С.Р. – магистр, старший преподаватель, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: sandu210380@mail.ru, ORCID: 0000-0002-0468-6105.

Мусаева Г.А. – кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: gulbagizamusaeva@gmail.com, ORCID: 0000-0003-1776-128X.

Yeshimov M.P. – corresponding author, Candidate of Philology, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: mukhtar.yeshimov@gmail.com, ORCID: 0000-0002-0547-4593.

Nurtileuova S.R. – Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: sandu210380@mail.ru, ORCID: 0000-0002-0468-6105.

Mussayeva G.A. – Candidate of Philology, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: gulbagizamusaeva@gmail.com, ORCID: 0000-0003-1776-128X.

Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288

ЛИНГВИСТИКА / LINGUISTICS / ЛИНГВИСТИКА

ХҒТАР 16.21.39 *DOI: https://doi org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-62-77*
Ғылыми мақала

Бірлән шылауының қазіргі сипаты мен қызметі

Б.А. Жүнісова[1], Ж.М. Баймұрынов[2], Л.М. Күлейменова[3]
[1] Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
[2] Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
[3] Ә. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан

(E-mail: [1] bayan75-75_75@mail.ru, [2] janbolat_b_m@mail.ru, [3] laila_k70@mail.ru)

Аңдатпа. Қазақ тіліндегі «мен» тұлғасының көнетүркілік «бірлән» септеулігінен қалыптасқаны және грамматикалық қызметі мен мағынасы жағынан жалғау мен жалғаулық болып сараланғаны белгілі. Дегенмен түркі халықтарына ортақ «бірлән» септеулігінің бүгінгі нұсқалары түркі тілдері грамматикасында біркелкі мәнде танылмай отырғаны және мәлім. Мұның нақты себептері де бар. Мақалада «бірлән» септеулігінен өрбіген тұлғалардың жүйелі сипаттамасын құрастырып шығуға талпыныс жасалды. Ол үшін отандық және кеңестік түркологтердің этимологиялық еңбектеріндегі және қазақ ұлттық әдеби тіліндегі нақты фактілер талданды. Қазақ тіліндегі көмектес септік жалғауының тұлғасы мен қызметі басқа түркі тілдеріндегі нұсқалармен салыстырылды, осы орайда көмектес септік грамматикалық көрсеткішінің түркілік өзге тілдерде де бар екеніне назар аударылды. Түркілік кей тілде «бірлән» септеулігінің өзгеріске ұшыраған қазіргі нұсқаларының аффикс ретінде қалыптасып болғаны дәлелденді. Бір генезистен қалыптасқан «мен» тұлғалы жалғау мен жалғаулықтың ұқсастығы мен айырмашылығы көрсетілді, қазіргі тіліміздегі грамматикалық мағыналары жүйеленді. Қазіргі тіліміздегі «мен» тұлғасының қай жағдайда жалғау, қай жағдайда жалғаулық болатыны тілдік фактілер аясында және бір пысықталды. Грамматикалық функциялары анағұрлым толығырақ сипатта сараланды.

Түйін сөздер: бірлән, түркі тілдері, тарихи грамматика, жалғаулық шылау, шылаудың қызметі, көмектес септік, септік жалғауы.

Түсті: 16.01.2024; Жөнделді: 15.01.2025; Мақұлданды: 18.06.2025; Онлайн қолжетімді: 25.06.2025

Кіріспе

Қазақ тіл білімінде грамматика саласының бүгінге дейін жеткен жетістігі көп. Бұл бағытта өткен ғасырдың 20 жылдарынан бері отандық ғалымдар атқарған еңбек ұшан-теңіз. Оған онан да бұрынырақта жүргізілген түркологиялық зерттеулерді қосыңыз. Дегенмен әлі де анықтауды, нақтылай түсуді қажет ететін мәселе де жеткілікті. Соның бірі – қазіргі тіліміздегі грамматикалық «мен» тұлғасы. Бұл тұлғаның әуелгі бірлә(н) сөзінен қалыптасқаны мәлім, алайда оның қалыптасу тарихы, түркілік басқа тілдердегі тұлғасы мен қызметі қандай деген мәселе арнайы зерттеуді талап етеді. Оның үстіне, ұлттық лингвистиканың басында тұрған А.Байтұрсынұлының мұрасында бұл тек жалғаулық шылау ретінде ғана сипатталған: «Жалғаулық сөздер қазақ тілінде тіпті аз, мәселен: мен, үшін, арқылы, тақырыпты, туралы. «Менен» алдындағы дыбыстың түріне қарай «бенен» болып айтылады, қысқа түрінде «мен», «бен» болып айтылады» [1, 196]. Ал қазірде әрі жалғаулық шылау, әрі көмектес септігінің жалғауы ретінде белгілі.

Ертедегі бірлә(н) сөзінен қалыптасқан, яғни ортақ генезистен өрбіген грамматикалық тұлғалардың қазіргі түркілік тілдердегі нұсқалары сан алуан және грамматикалық қызметі де біркелкі болмай отыр. Мұның басты себебін әр тілдің ұлттық бағытта дербес дамып бара жатқанында деп топшылаймыз. Дегенмен тіл-тілдегі алуан нұсқаның грамматикалық мағынасында ортақ сипаттың да барын аңғару оншалықты қиын емес. Бұған мақала көлемінде жасалған шағын талдау барысында көз жеткіздік.

Мақсат пен міндеттер

Қазақ тіл білімінде грамматикалық мен тұлғасы жөнінде түйткілді мәселе бар екеніне талас жоқ. Сондықтан бұл мақаланың мақсаты – мен тұлғасының қалыптасу тарихын, ұлттық грамматика теориясы тарихын шолу арқылы басты мәселелерді көрсету. Осыған орай мынадай міндеттер қойылды:

– мен тұлғасының қалыптасу тарихына қатысты пікірлерді салыстыру;
– мен тұлғасының қазіргі грамматикалық функциясын жүйелеу;
– мен тұлғасы мен бірге тұлғасының байланысын талдау;
– мен тұлғасының басқа түркі тілдеріндегі аффикстік сипатын айқындау;
– мен тұлғасының жалғау ретіндегі қызметін саралау;
– мен тұлғасының шылау ретіндегі қызметін сипаттау.

Зерттеу материалы мен әдістері

Көнетүркілік ескерткіштер мәтіні, алғашқы қазақ баспасөз материалдары, Абай қарасөздері және т.б. тарихи мәтіндер, сондай-ақ қазіргі қазақ мәтіндері зерттеу материалы ретінде алынып, маңызды тұжырым мен қорытындыға келуде тілдік айғақ үшін пайдаланылды.

Мақала диахрониялық және синхрониялық салыстырмалы талдау, жалпылай және жалқылай талдау әдістері негізінде дайындалды. Баяндалған теориялық мәліметтер бүтіннен бөлшекке немесе бөлшектен бүтінге қарай жылжу арқылы тарқатылып әрі жинақталып отырылады.

Әдебиетке шолу

Қазақ тіліндегі шылау мәселесі, онда да жалғаулық шылау жайы өткен ғасырдың алғашқы жартысында А.Байтұрсынұлы [1], Қ.Жұбанұлы [2] еңбектерінен басталып, кейіннен Р.Әміров [3], С.Аманжолов [4], Ы.Маманов [5], А.Ысқақов [6] және т.б. ғалымдар еңбегіне өзек болды. Бұл еңбектерді шылау түрлері мен грамматикалық қызметіне арналған алғашқы ізденіс дегенімізбен, тарихи қалыптасу мәселесіне де айтарлықтай ден қойылғаны байқалады. Р.Әміровтің 1959 жылы жарық көрген «Қазақ тіліндегі жалғаулықтар» еңбегін грамматикалық этимология жайлы осындай құнды мұраға жатқызамыз. Дегенмен тақырыпқа қатысты грамматикалық этимология мәселелері кеңестік заманда Э.Севортян [7], А.Кононовтың [8] анықтамалық еңбектерінде, сонымен қатар қазақ лингвистерінен М.Томановтың [9] тарихи грамматика жайлы ғылыми мұраларында анағұрлым кеңірек қамтылғанын айтуымыз керек. Тек жалғаулық шылау емес, жалпы бірлә(н) тұлғасынан қалыптасқан грамматикалық нұсқалардың түркілік тілдердегі сипаты мен қызметі жөнінде ғылыми құнды деректі жекелеген тілдердің грамматикалық мәселелерін арнайы қарастырып жүрген заманауи зерттеушілердің еңбектерінен кездестірдік. Мәселен, А.Тазранованың [10] алтай тілінің грамматикасы, Д.Токмашевтің [11] телеуіт диалектісі және П.Медетбекованың [12] қазақ тіліндегі мен тұлғасының лингвостатистикасы турасындағы т.б. еңбектер осы қатарда.

Жоғарыда аталған және арнайы сілтеме жасалған әдебиеттерде зерттеуімізге арқау болған тақырып аясында пайдаланылған практикалық әрі теориялық материал жеткілікті деңгейде қамтылған.

Талқылау және нәтижелер

Қазіргі грамматикамыздағы мен тұлғасы әрі жалғаулық, әрі септік жалғау делініп, олардың о бастағы бірлә(н) тұлғасынан қалыптасқаны айтылып жүргенімен, қалыптасу тәртібіне қатысты грамматикалық этимологиясы нақты көрсетіле бермейді. Бұл – бірінші мәселе. Екінші мәселе – мен тұлғасының қазіргі грамматикалық функциясы да толығымен зерттеліп болды деуге ертерек болып отыр. Үшіншіден, бірдей тұлғадағы (мен) жалғаулық пен жалғау арасында ежелгі ортақ сипат сақталған-сақталмағаны жөнінде мәлімет аз.

Бірінші мәселе, яғни мен тұлғасының қалыптасу тарихы жөнінде. М.Томановтың пікірінше, «...қазіргі көмектес септік мағыналары үш түрлі тұлға арқылы: ***-ын*** және бірле шылауы, ***-лы*** тұлғасы арқылы берілгенін байқауға болады. Тілдің тарихи даму процесінде ***-ын*** қолданылудан шығып қалған, ***-лы*** азын-аулақ фразалық тіркестер құрамында ғана айтылатын өнімсіз қосымша есебінде сақталғанмен, өзінің бұрынғы грамматикалық мәнінен айырылып, лексикализацияланған» [9, 168].

Аталған ғалым Орхон-Енисей жазбаларында ***-ын, -ін, -н*** қосымшасымен бірге бірле сөзінің де бірлестік, құралдық мәнде жұмсалғанын айтады. Мәселен, «Күлтегінде»: Бу йирде олурып, табғач будун бірле түзелтім (Бұл жерде отырып табғач халқымен жақындастым). Ал онан бергі М.Қашқари сөздігінде бірле, біле тұлғасындағы қос нұсқада, Алтын Орда дәуіріне тиесілі «Гүлстан», «Мухаббат-нама» тілінде бірле, біле, білен тұлғасындағы үш нұсқада, «Кодекс Куманикус» және хан жарлықтарында біле тұлғасында жалғыз нұсқада қолданылғанын келтірген ғалым «р» дыбысының XI ғасырға дейін элизияланғанын, дегенмен бірле нұсқасының «XIX ғасырдың аяғына дейін қолданылған кітаби жазба тіл

құрамында да бар» екенін айтқан [9, 166]. Ал XIX ғасыр аяғында жазылған құнды жәдігердің бірі – Абай қарасөзі. Мұның 1968 жылғы жарияланымында бірлән нұсқасы 30 рет, білән нұсқасы 1 рет жұмсалған [13, 145-228]. Бұл тұста Абай қарасөздерінің мәтіні Мүрсейіт дәптеріндегі үлгіде екенін қаперде ұстап отырмыз, дегенмен бұл факт аталған кезеңде «р» дыбысы бар нұсқаның анағұрлым белсендірек болғанын айғақтайды.

Көмектес септіктің қазіргі **-мен** жалғауының қалыптасу ретіне келетін болсақ, мұның алғашқы нұсқасы – бірлән (бірлен). Э.В.Севортян мұның түбірін бір сан есімі деп санайды [7, 150]. Ал **-ла** – есімнен етістік тудыратын жұрнақ та, **-н** – етіс жұрнағы. Осыған ұқсас ұстаным отандық лингвистерде де бар [14, 298]. Қазіргі тіліміздегі ашулан, иелен сөздеріндегі **-лан** қосымшасының құранды жұрнақ екені мәлім. Сол сияқты, арала, шегеле сөздеріндегі **-ла** да, ашулан, иелен сөздеріндегі **-ла** да ертеректе құралдық, ортақтық мағына үстейтін қосымша болуы мүмкін. Немесе, керісінше, қазіргі **-ла** жұрнағы бір кездегі құралдық, ортақтық мағына қосатын **-лан** қосымшасымен төркіндес болуы да ықтимал. Қараңыз: ашулан – ашумен бірлес (бірік), иелен – иесі бол, сол затқа өзіңді ортақ қос; арала – арамен кес, шегеле – шегемен біріктір. Сонда бірлән (бірлен) сөзінің мағынасы «бірік», «ортақтас(у)» дегенмен барабар. Қазіргі тіліміздегі **-ла** тұлғасының құралдық, ортақтық мағынасы есім негізді екеуле, үшеуле етістіктерінен де анық байқалады, қараңыз: екеуле – екеуің бірік, үшеуле – үшеуің бірік.

А.Н.Кононов неміс түрколог В.Банг-Кауптың түркілік тілдердегі құралдық, ортақтық мағына қосатын ілә тұлғасын іл (связывать) сөзімен байланыстырғанына назар аударта [8, 298]. Аффикстердің толық мағыналы сөздерден қалыптасатынын ескерсек, онда бұл пікірге ден қоймасқа болмайды. Сонда бірлән тұлғасындағы **-ла**(н) аффиксінің төркіні іл етістігі болып шығады. Демек, қазіргі тіліміздегі **-ла** (**-ле, -да, -де, -та, -те**) қосымшасының есімнен етістік тудыруда ең өнімді жұрнақ болуы да осыдан. Байла сөзінің төркінін қараңыз: бау(ғ ~ й)+іл, яғни біріктір, жалға, қос деген семаның бары сөзсіз. Қазіргі тілімізде ілдебайлау деген плеонастикалық қолданыс және бар.

Осы тұрғыдан келгенде, **-лар** көптік жалғауының да төркіні іл (кейіннен еселеу, қосу, бірігу, жалғау деген мәндегі **-ла**) етістігі болуы мүмкін. Қалай дегенде де, түркі тілдерінің көпшілігінде тек **-лар** тұлғасының ғана жұмсалуы тегін болмаса керек-ті.

Түйіндей айтқанда, көмектес септіктегі *-мен* жалғауының арғы нұсқасы – бір(лә(н). Түркі тілдерінің даму тарихында «р» дыбысының сусымалы екені, сондай-ақ б ~ п ~ м сәйкестігі баршаға мәлім. Сонда қазіргі *-мен* жалғауының қалыптасу тарихын сызба түрінде былай беруге болады: бір+іл → бірлән (бірлен) → білән (білен) → мілән → мінән (мінен) → менен → мен. Түрік тілінде: **bir+il → birlen → bilen → ilen → yle → le** [15, 165].

Шылау әрі жалғау қызметіндегі бұл сөзді бірлән (бірлен) тұлғасынан басталады деуіміз – қазіргі мен (менен) тұлғасындағы соңғы «н» дыбысы, біздіңше, кейіннен қосылған аффикс немесе фонетикалық құбылыс салдарынан гөрі өзгеріссіз келе жатқан элементке ұқсайды. Себебі қандай тілдің болмасын дамуы тарихында сөзге дыбыс қосылудан гөрі түсірілуі жиірек. Қ.Жұбановтың соңғы жылдары табылған еңбектерінің жинағында көрсетілген үлгі де осыған саяды, қараңыз: бір+ле+ін → меллен → мелен → менен. Алайда ғалым мұндағы **-ін** тұлғасын бұрынғы инструментальный (көмектес) падеж деп түсіндіреді [16, 475].

Қазіргі түркі тілдеріндегі әр түрлі тұлғадағы септік жалғаулары мен септеуліктер әр тілдің тарихи даму барысында біз көрсеткен осы негізгі үлгідегі нұсқалар арқылы дербес заңдылықтарына орай қалыптасқан.

